

Бірыңғай тендер жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 4 қаңтар N 2

1. Белгіленген процедуралар және Халықаралық Қайта жаңғырту және Даму банкі мен тәртібі бойынша компьютерлер мен жабдықтар сатып алуды тиімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет қалған 3 805 618 (үш миллион сегіз жүз бес мың алты жүз он сегіз) АҚШ доллары мөлшеріндегі займ сомасына бірыңғай тендер жүргізуді ұйымдастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет тендерлік ұсыныстарына баға беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісілген ведомствоаралық комиссия құрамын ұсынсын.

3. Тендер өткізуге және сатып алынған компьютерлер мен жабдықтарды тиісінше бөлуге бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке жүктелсін.

Премьер-Министр